

identity of the individual, the orientation and content of auto- and hetero-stereotypes, but also to pay special attention to the features in the motivational sphere of the individual. Joint diagnostics of ethnopsychological manifestations of a personality is a prerequisite for a systematic approach to the analysis of the phenomena of a subject's ethnic life [1, p. 89].

This article is of an overview nature and gives an idea of one of the possible approaches to the diagnosis of the personality tolerance of foreign language teachers.

#### References:

1. Шлягина Елена Ивановна, Ениколопов Сергей Николаевич Исследования этнической толерантности личности // Национальный психологический журнал. 2011. №2. URL: <http://cyberleninka.ru/article/n/issledovaniya-etnicheskoy-tolerantnosti-lichnosti> (дата обращения: 16.01.2018).
2. Почебут Л.Г. Взаимопонимание культур. Методология и методы этнической и кросс-культурной психологии. Психология межэтнической толерантности. – СПб.: Изд-воСПбГУ, 2005.
3. Профессионально-психологическая компетентность гуманитарных технологов в человеческих отношениях / Подред. В. Н. Панферова, В. В. Семикина, Н. Б. Лисовской. Учебно-методическое пособие. – СПб.: ООО «КнижныйДом», 2008. – 352 с.
4. Психодиагностика толерантности личности / ред. Г.У. Солдатова, Л.А. Шайгерова. – Москва: Смысл, 2008. – 172 с.
5. Почебут, Л. Г. Кросс-культурная и этническая психология: учеб.пособие для бакалавриата и магистратуры / Л. Г. Почебут. – 2-еизд., испр. идоп. – М. : ИздательствоЮрайт, 2017. – 333 с. URL: [http://urait.ru/uploads/pdf\\_review/59FB8C66-9693-41AA-A770-C56F0BEE9428.pdf#page=1&zoom=auto,-257,111](http://urait.ru/uploads/pdf_review/59FB8C66-9693-41AA-A770-C56F0BEE9428.pdf#page=1&zoom=auto,-257,111) (дата обращения: 07.05.2018).
6. Солынин, Н.Э. Индивидуально-психологический подход к изучению психологической структуры этнической толерантности / Н.Э. Солынин // Системогенез учебной и профессиональной деятельности: сборник научных трудов VI международной научно-практической конференции, 19-21 ноября 2013 г., г. Ярославль / под науч. ред. Ю.П. Поваренкова. – Ярославль: Изд-во «Канцлер», 2013. – С. 193-195.
7. Скрипкина, Т. П. Установки толерантного сознания, доверия и ксенофобии у молодежи, проживающей в южно-российском регионе РФ / Т. П. Скрипкина // Социальная психология и общество. – 2010. – № 1. – С.136-151.
8. Риэрдон, Бетти Э. Толерантность – дорога к миру / Бетти Э. Риэрдон. – Москва:Бонфи, 2001. – 304 с.
9. Методы этнической и кросскультурной психологи: Учебно-методическое пособие / Татарко А.Н., Лебедева Н.М.: Издательский дом ВШЭ, М. – 2011. – 238 с.
- 10.Шлягина Елена Ивановна, Ениколопов Сергей Николаевич Исследования этнической толерантности личности // Национальный психологический журнал. 2011. №2. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/issledovaniya-etnicheskoy-tolerantnosti-lichnosti> (дата обращения: 07.05.2018).

#### ЭПИТЕТТІҢ КОГНИТИВТІ – ПРАГМАТИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

*Есіркепова Кенжегүл Қабылғазықызы,*  
фил.ғыл.канд., тілдер және әдебиет теориясы кафедрасының  
қауымдастырылған профессоры  
*Қанатина Сауле Ғалымбекқызы,*  
фил.ғыл.канд., тілдер және әдебиет теориясы кафедрасының  
қауымдастырылған профессоры,  
А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай қ.

#### Аннотация

Мақалада поэтикалық мәтіндегі көркемдік тәсіл – эпитеттің ақын тілінің мәдени-танымдық сипатын берудегі ерекшелігі, тілдік тұлғаның дәстүр тағылымы және стилі, бейнелі сөзтіркестерін жасаудағы өзіндік шеберлігі таразыланып анықталды. Сонымен қатар автордың даралық

бітімі мен стилін айқындайтын сөз қолданыстық ерекшелігі көрсетіліп, оның дүнитанымдық көзқарасы, прагматикалық ұстанымы анықталып, және шығармашылығындағы дәстүрлі элементтердің бірі – эпитеттің көркемдік тұрғыдан танып білудегі қызметі қарастырылды.

**Түйінді сөздер:** эпитет, когнитивті, поэтика, символ, ұлттық таным.

#### **Аннотация**

В статье проанализирован художественный подход в поэтическом тексте – специфика эпитета в передаче культурно-познавательного характера языка поэта, традиции и стиль языковой личности, самобытное мастерство в создании образных выражений. Также были рассмотрены особенности употребления слов, определяющие индивидуальность и стиль автора, определены его мировоззренческие установки, прагматическая позиция, а также рассмотрена функция художественного осмысления эпитета – одного из традиционных элементов в творчестве поэта.

**Ключевые слова:** эпитет, когнитивная, поэтика, символ, национальное познание.

#### **Abstract**

The article considers the artistic approach in the poetic text – the specificity of the epithet in the transfer of the cultural and cognitive nature of the poet's language, the traditions and style of the linguistic personality, the original skill in creating figurative expressions. They also showed the features of the use of the word that determine the author's personality and style, determined his worldview, pragmatic position, and also considered the function of artistic understanding of the epithet – one of the traditional elements in his work.

**Key words:** epithet, cognitive, poetics, symbol, rational cognition.

Қазақ халқының сөз өнеріндегі ұлттық негіз дегеніміздің өзі – сол рухани мұраны жасаған халықтың тілі.

Лингвистикалық еңбектерде, оқулықтарда эпитет – көркем образды троптың бір түрі, ойды бейнелі бояуымен жеткізетін құрал ретінде сипатталады. Эпитет – заттың не құбылыстың айрықша белгісін, қасиетін білдіретін бейнелі сөз. Кейбір зерттеушілердің пайымдауынша, эпитет, кез келген анықтауыш емес, оқушының жан дүниесін баурап алатын бейнелі, образды сөздер мен сөз тіркестері болып табылады.

Ғалым А.Байтұрсынов өзінің «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінде: «Бір нәрсені көптен айырып, көзге көбірек түсіретін етіп айтқымыз келгенде ол нәрсенің атына айқын көрсететіндей сөз қосып айтамыз, сондықтан айқындаудың өзге түрі көркейту деп айтылады» – деп эпитетке анықтама берді. Көркейту дегеніміз – эпитет термині ретінде алынған [1, 456].

Академик М.Балақаев өз еңбегінде: «Суреткердің өз – өзіне тән тіл шеберлігін сөздің көркемдік қасиетін талдағанда сөз бен образ арасындағы осы бір стильдік нәзіктікті яғни жеке сөздердің қолданылуындағы ерекшеліктердің бәрі жиналып келіп тұтас контекстік мән алатындығы, ойды бейнелі, нақты, шынайы көрсету үшін эпитетсіз елестету мүмкін емес» – деп өте ұтымды тұжырым жасаған [2, 316]. Қазақ тіліндегі эпитеттер басқа тілдегі сияқты негізінен зат есімнен, сын есімнен, есімше, көсемше етістіктері арқылы жасалады.

Демек, эпитет – адамның не заттың, не табиғат құбылыстарының өзгеше белгілерін көрсетумен қатар, мәтінде когнитивті – прагматикалық қызметі айрықша көркемдік тәсіл.

Кез келген сөз жеке тұрып та не болмаса алдынан, артынан анықтайтын сөздермен келіп те бейне жасай береді. Олай болса, эпитет – бейнені айқындап, көріктеп тұратын көріктеу құралы. Р.Сыздық: «Эпитет – адамның, заттың, құбылыстың, бір белгісін, сырын, сипатын, қасиетін атап көрсететін сөз, бірақ осы қызметте келетін жай анықтауыш сөзден эпитеттің айырмасы бар. Жай анықтауыш заттың, құбылыстың, адамның өзіне тән қалыпты сынын (белгісін, қасиетін, түрін, түсін т.б.) білдірсе, эпитет өзі атайтын белгіні бейнелеп көрсетеді, өйткені бұл белгі сол заттың, адамның, құбылыстың, табиғи қалыпты белгісі емес», – дейді [3, 1736].

Поэтикалық мәтінде адамның портретін жағымды, жағымсыз сөзбен беретін ерекше суреттемелі бейнелі эпитеттер назар аудартады. Олар портрет жасауда көркем тәсіл:

*Ажарлы ана* туса да күпі піскен,  
Жаралғансың жарқ етіп ұлы күштен. («Сатық Бұғра хан Әулие атаның нұры», 46 )  
Сырнай тартқан жел үнін тыңдай қалып,  
Алаулайтын *бал жүзің* шымқай жанып. («Діні неткен қатты еді боз даланың», 126)  
Бұл шумақтарда автор эпитеттерді ұнамды кейіпкерлерді суреттеуде ерекше пайдаланған.

*Ит мінезді* адамдар ит тірлікте,  
*Ит өлімнен* қайтеді өлмегенде. («Әдемі өлім», 146 б)  
*Көкбет әйел, кер жалқау, ақымақ ұл,*  
Кірін күнде жуады көз жасына. («Қарияның көз жасы», 188б)  
*Сарт мезірет, сарт мінез* өріс ашып,  
Сыйластық та жасанды боп барады. («Жасанды өмір», 187б)  
Мұндағы *ит мінез, көкбет әйел, кер жалқау, ақымақ ұл* жағымсыз, ұнамсыз кейіпкерлерді бейнелеуде ұтымды қолданған. Табиғат көріністерін суреттеуде де эпитеттердің атқаратын қызметі зор:

*Бұйра жалды қырларын* сағымдаған,  
*Ұлы Дала* ешкімге бағынбаған.  
Жиһаз артқан керуен жібек жолмен,  
*Алтын өзен* секілді ағындаған. («Жібек жолы», 3-бет )  
*Қоңыр самал* сен едің алдан ескен,  
*Қоңыр жыры* секілді *қоңыр кеіттің* («Жүрегімнің төрінен табады елі», 210б).

Қазақ тіліндегі тұрақты эпитеттің тілдік табиғатын арнайы қарастырған Г.Ө.Мұхаметқалиеваның кандидаттық диссертациясында эпитетке былайша анықтама беріледі. «*Эпитет* дегеніміз – екі немесе одан да көп компоненттен тұратын, өзара қабыса байланысқан, көркем бейнелі, образды сөз тіркесі » [4, 116].

Сонымен қатар суреткердің шығармасында да «киелі», «қасиетті» мәнде қолданыс тапқан түр-түс атаулары түрінде қолданылған эпитеттер, соның ішінде «қара» «ақ» түске байланысты тіркестер молынан кездеседі. Бұл түр-түстердің когнитивті мағынасы ерекше. Түр-түс әлемі – өзіндік ерекшелікке, өзіндік символдық мәнге ие ұлт мәдениетін танытатын бір тұғыр. Яғни, мәдениеттегі түр-түс арқылы өзіндік эстетикалық көзқарасын, эмоциялық қалпын, адамгершілік түсініктерін білдірген. Қоршаған орта, аспан әлемін, тіпті кез-келген материалдық мәдениетке байланысты заттар, киім-кешек, құрал-жабдық, болмаса рухани мәдениетке қатысты салт-дәстүрді түр-түссіз қабылдау мүмкін емес. Онсыз оның болмыс-бітімі толыққанды болмайды. Сондықтан түр-түс – ұлт мәдениетін танытатын бірден бір жол.

*Қабырғалы қазақтың* өскен елі,  
Жайсаң жұрттың бәрін де дос көреді.  
Қаратаудан *қаралы көш* құламай,  
Жібек жолмен *көрікті көш* келеді. («Жібек жолмен келеді көшін бастап», 5б)  
Артта қалып жылдардың төбе,белі,  
Жетеді әлі Алаштың *сөреге елі*. («Жібек жолмен келеді көшін бастап», 5б)  
Тілегіңе тіленбей жеткенінде

Бой түзеген бір терек *текті елінде*. («Аспанында Тараздың жүзген арай», 21б)  
«Ақ» және «қара» түстердің этнолингвистикалық сипатын жан-жақты қарастырған зерттеуші Ұ.Серікбаева: «Қазақ тілінде «түр-түс әлемін» құрайтын сан алуан атаулардың ішінде өте жиі қолданылатын, мағынаға бай, қолданыс ауқымы кең атаулардың бірі – «ақ» және «қара» атауларының этнолингвистикалық табиғаты өте қызық, әрі ғылыми-практикалық тұрғыдан мәні зор құбылысқа жатады» деп көрсетіп, когнитивтік мағыналарын анықтаған [5, 72б].

Жер бетіндегі заттарды қиратып, бұзып кететін, қатты соғатын дауыл не тепсе темір үзетін жау адамының мықтылығы, күштілігі, тіпті болмаса шығармада кездесетін

жаудың халыққа шабуылы, жаудың өзі, сондай-ақ сол дұшпандармен айқасуы табиғат құбылыстары арқылы көрініс табады, ақын Рафаэль Ниязбектің поэзиясында «қара» сөзімен байланысты келеді.

Ақын лирикасындағы өте кең және актив түрінде қолданылған сөздердің бірі – *қара*. Ақын лирикасында *қара* сөзінің мағынасы әр түрлі мағынада жұмсалып, өте актив қолданылған. Бұл сөзді автор бірнеше мағынада жұмсап тура және ауыспалы мағыналы сөздердің сырын ашады. *Қара* – *ақ* сөзінің антонимі. Көбінде сындық мағынада қолданылып, зат есімді анықтайды. *Мысалы:*

*Қара құйын құтырып суырса да,  
Өзен бар ма сіздердей таза ағатын.)*

*Қара дауыл тұрғызған дүрбелеңде,  
Дау жеңіспен қайтар ек бітпегенде. («Аспанында Тараздың жүзген арай», 34б)*

*Төбесінен қара бұлт жосылғанда,*

*Қара жерге шөге ме тау жаншылып. («Ай тұтылған түн», 41б)*

Автор қолданған *қара* сын есімдері өлеңге мағыналық реңк үстеп, өлеңнің экспрессиясын күшейтіп тұр. Табиғат құбылысының сыртқы бейнесін асыра суреттеуде сын есім өлеңнің бояу күшін қалыңдатып, ғажайып сурет беріп, ақынның ішкі жан-дүниесін, көңіл күйін көрсетеді. Табиғаттың тылсым күші мен адам жанының толқынысы, сезім күйі астарласып, психологиялық параллелизм түзейді. *Қара бұлт, қара дауыл, қара құйын* табиғат құбылысын суреттей отырып, адам өмірімен байланыстырып көңілсіздікті, жабырқаулықты, жайсыздықты суреттейді. Табиғат пен адам арасындағы байланысты тереңдете отырып, ақын адамның басындағы күнделікті өмір ағынында өтіп жатқан көріністі *қара* сөзімен бейнелеген.

*Қара жолмен қара жсау қаптағанда,*

*Жібек жолмен сарбаздар жауға аттанған. («Жібек жолы», 3б)*

*Қара жсаудың сұқтанған көзін жасқап,*

*Естілуде әлемге сөзім асқақ. («Жібек жолмен келеді көшін бастап», 5б)*

*Қара* сөзі адамның ниетіне байланысты айтылып, пейілінің тарлығын сездіреді. Әдетте салмақты сөздер өлеңнің басында тұрып, ұйқасы жағынан да, дыбыстық үйлесім жағынан да анық көрінеді.

«*Қара*» деген түс қайғы-мұңның, бейқам, бұлыңғыр тіршіліктің белгісі ретіндегі мағынасы да ақын шығармасында жиі ұшырасады:

*Қара жолмен жетсе егер қара Қайғы,*

*Жібек жолмен Бақ жеткен, Бақыт жеткен. («Жібек жолы», 3б)*

*Хан да атандың жазықсыз дұшпан қанын,*

*Қара жерге ағызып сорғытпаған.*

*(«Сатық Бұғра хан Әулие атаның нұры», 4б )*

*Малдарын да өргізіп өрге айдаған,*

*Тараз жерін қара орман ел жайлаған. («Ел мен жер», 6б)*

*Қилы заман туғанда борандаған,*

*Қара қайғы ат мініп қопаңдаған. («Сыпатай деп жазамын сөз басына», 10б)*

*Туған елін ту етіп тік көтеріп,*

*Қара бастың көрмеген бағын тойлап. («Оққа айналған Байзақ датқа», 10б)*

*Қара жер, қара орман* эпитеттік тіркестер касиеттілік пен күштілікті көрсетсе, *қара қайғы* – бұл жерде мұңзарды ашу мағынасында жұмсалып тұр. Бұралаң-бұралаң жолы бар өмір соқпағында адам басынан небір қиындықтар өтіп жатады.

*Қара қарға аспанда қаптағалы,*

*Еленбеді еңбектің ақ табаны. («Аспанында Тараздың жүзген арай», 22б)*

*Қол шоқпармен қасынан өте беріп,*

*Қара құстан қайқайтып ұрып қалған. («Ай тұтылған түн», 40-бет)*

*Қара мылқау қоғамда кім бар бұны ойлаған. («Туған елге тұмар хат», 234б)*

Билік құрса өзіндей *қара қарға*,

Ел-жұрт болып көнбейтін шара бар ма? («Ауданның бұрынғы әкіміне», 230б)

Өлең жолындағы «қара» сөзі қоғамдағы кереғар құбылыстарды суреттеуде қолданылатын жамандықты, жауыздықты, арамдықты, зымияндықты, адамның басындағы сан алуан қасиеттерді ашудағы бейнелі сөз. Көп мағыналы сөз де түрлі реңкте жұмсалып өлеңнің қуатын арттырып, әрлендіре түседі. Мәтіндегі ой тереңдігі, тіл ұтқырлығы, сөз мәнерлігі осы көп мағыналы сөзден айқын көрінеді. *Қара* сөзі табиғат құбылыс атауларының бәрімен тіркесіп, ауыспалы мағынада қолданылып тұр. Адам мен табиғат тұтастықта жырланып, сикырлы сөздерді ұтымды қолданудағы тапқырлығы десек те болады. *Қара аспан, қара қарға, қара тас, қара жер, қара бұлт, қара су, қара құс, қара тау*, және тағы басқа эпиттетік тіркесті сөдер бірнеше рет қайталанады.

Ақын тілінде өте көп ұшырасып, образдардың қыр-сырын ашуда жұмсалған. Ақ – қараға қарама-қарсы түс. Бұл – «ақ» түстің негізгі түстік, реңктік мағынасы. «Ақ» түс – қазақ халқының жанына жақын, көңіліне қалаулы түс. Себебі, қазақта «ақ» – пәктік пен ақтықтың нышаны, қуанышқа пен жақсылықтың белгісі, махаббат, үміт, қайырымдық деген ізгі сезімдердің символы. Жалпы осы «ақ» түстің символикалық мәнін шығу тарихынан көруге де болады [5,73б].

*Ақ семсері* от шашып жарқылдаған,

Сардар мінген қай ат та алқынбаған. («Ел мен жер», 5б)

*Ақ сарайдың* сарқытын сен табасың,

Данагөйлер жайғасқан кеңескенде. («Ғасырлардың көзіне үңілгенде», 13б)

Кеудемді кек кернегенде

Сұр жебе тесіп өтпеген,

*Ақ сауытым* жыртылды. («Көне Тараз мұңы», 17б)

Серік мырза, жылы еді жүзің неткен,

*Ақ кемесің* мұхиттан жүзіп өткен. («Аспанында Тараздың жүзген арай», 23б). Бұл өлең тармақтарында «ақ» түсі – әділ, әділетті, арамдығы жоқ сынды жандарды сипаттауда адалдық белгісі ретінде «ақ» атауы қай тіркесте, контексте болмасын жақсылықтың нышанын аңғартып тұрады.

*Тұр-тұс арқылы халық өзіндік эстетикалық көзқарасын, эмоциялық қалпын, адамгершілік түсініктерін білдіретіндігін* көре аламыз. Қазақ мәдениетінде ақтың антиподы ретінде қара түс қолданылып, *ақ – қара* бинарлық жүйесін құрайды. Сонымен бірге, *ақ – күннің, қара – түннің* символдық бейнесі», дүниеде қарама-қарсылықсыз еш нәрсе жоқ екендігін, қарама-қарсылықсыз дамудың жүзеге аспайтындығын айтады. Сол себепті де көркем бейнелі сөздердің, қаламгерлер жырларында аса талғамдықпен қолданыс табуы орынды.

Еркектері егеулі найза ұстаған,

*Асқақ елдің* басынан сөз аспаған. («Жібек жолмен келеді көшін бастап», 5б)

Заман бар ма, жалған да зауал бар ма,

*Нар қазақтың* жеңбеген жүректі елі. («Сыпатай деп жазамын сөз басына», 10б)

Заманында *көк бөрі* Қараханның

Ерлік қанға құйылып тараған мың. («Тараз қала ерлікке баурамас», 20б )

Ел басына төнгенде *қатерлі күн*,

*Қайқы қылыш* қазақтың *ата ерлігін*. («Ғасырлардың көзіне үңілгенде», 13б)

*Жібек жолдан* тараған *таспа жолдар*,

*Жұмыр жерді* жан-жақтан құрсаулаған. («Ел мен жер», 5б)

Аздығымды ескермей, *арыстан айбатпен* аяқастым,

Көптігінен жаудың сескенбей, *жолбарыс жүрекпен* шайқастым. («Көне Тараз мұңы», 17б)

Әруақтарға бағыштап ас берген-ді,

*Кемеңгер ел* келгенде кемеліне. («Бабалардың өр рухы», 12б)

Шетке ығысып өжет жыр мен текті ұран,

Түбінде елдің сыпсындаған жетті ылаң. («Өсек шығар деп тұрам», 213б)

Әсіресе егемендік, азаттық кез келген халық танымында ең алдымен – қуаныш, шаттық болып танылса, екіншіден батырлықтың танылатын тұсы. Тәуелсіздікке қол жеткізу–халықтың, батыр бабаларымыздың асыл арманы, сондықтан да ақынның поэтикалық тілінде қазақ ұлтының қандай ұлт екендігі мынадай тілдік эпитеттер арқылы беріліп, көрініс тапқан. Жоғарыда алынған эпитеттерге қарама-қарсы мағынада алынған, яғни дүниенің келеңсіз оқиғалары, дүниеқоңыздық, қарама-қарсы мағынада сипатталуда ерекше қолданыс тапқан.

*Дүлей бастық* көбейіп сөз білмеген,

Сөз білетін кісіні өсірмеген. («Аспанында Тараздың жүзген арай», 25б)

*Сиыр қозғам* мүйіздеп, күндер қанша –

Шығып қала жаздаған шетке мүлде. («Қабағынан мұң кетсе», 102б),

Дөңгелегі дүлейдің айналады. («Аспанында Тараздың жүзген арай», 26б)

Кеудемде арман бұр жарып гүлдегенде,

Өмір барын сезінгем *отты өлеңде*. («Қабағынан мұз кетсе», 102б)

Ақынның жаңаша жасаған айқындау сөз тіркестерінің мәні терең, сөздің қажеттілігін көрсете отырып, тұтас бір өмірдің суретін көз алдымызға әкеледі. Осылардан шығатын қорытынды, ақын тіл байлығы мен көркем ойлау қиялының молдығын, сезімдері сергек, көкірек көзінің қырағылығын, қандай өмір құбылыстары болса да айтар ойын, идеясын мейлінше жеткізе, шебер қолданғандығы байқалады. Қорытындылай келе, өлеңдерінен өмір-уақыт тынысы, ақын сырларының сипат-бедері ерекше құрылған эпитеттер арқылы бейнелі де жүйелі жеткізілген. Автордың ерекше сөз өнерінің иесі ретінде негіздеген тәрбиелік-танымдық дүниесі, ақын поэзиясының көркемдік деңгейі, ақындық ұстанымы, оның тілдік, көркемдік тәсілі арқылы көрініс тапқандығын байқауға болады.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Байтұрсынов А. Шығармалар. – Алматы, 1989. – 448б.
2. Балақаев М., Жанпейісов Е, Томанов М., Манасбаев Б., Қазақ тілінің стилистикасы. – Алматы, 1985. – 352 б.
3. Сыздықова Р. Абайдың сөз өрнегі. – Алматы: Санат. 1995. – 279б.
4. Мұхаметқалиева Г. Тұрақты эпитеттерінің тілдік табиғаты: филол.ғыл. канд. дисс. Авторефераты – Алматы, 1995. – 25 б.
5. Серікбаева Ұ. Қазақ тіліндегі «ақ» және «қара» түр-түс атауларының этнолингвистикалық сипаты: филол.ғыл. канд. дисс. авторефераты. – Алматы, 2005. – 25 б.
6. Р.Ниязбек. Жібек жолы. Өлеңдер жинағы. – Алматы: Жазушы, 2005. – 240 б.

#### АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ОРГАНИЗАЦИИ ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ ПОДДЕРЖКИ ПЕРВОКЛАССНИКОВ НА ЭТАПЕ АДАПТАЦИИ К ШКОЛЬНОМУ ОБУЧЕНИЮ

*Жумагалиева Алтынгүль Жанাবেковна,*

Магистрант 7М01101-Педагогика и психология,

Научный руководитель: *Демисенова Ш.С.*

канд. пед. наук, ассоциированный профессор,

Костанайский региональный университет им. А Байтұрсынова, г. Костанай

#### Аннотация

Мақала білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында бірінші сынып оқушыларының мектепке бейімделу мәселесін, бірінші сынып оқушыларының бастауыш мектепте сәтті бейімделуінің психологиялық-педагогикалық жағдайын зерттеуге арналған. Деадаптацияны диагностикалау